

## "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 7 шілдедегі № 159 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) жоғарыда көрсетілген Ережені заңнамада белгіленген тәртіппен тіркеуші органда тіркеуді жүргізсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Eсіл аудан әкімі*

*M. Оспанов*

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданы әкімдігінің

2022 жылғы "07" шілдедегі

№ 159 қаулысымен

бекітілген

## **"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

**Явленка а.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы аумағында мемлекеттік ішкі саясат және жастар саясатын іске асыру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволық бағынысты үйымы бар:

1) "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 09.03.2023 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. Бөлім мемлекеттік мекеме нысанындағы ұйымдық-құқықтық заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік тілде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бүйрығына сәйкес қазынашылық органдарында органдарында шоттары болады.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан шығады.

6. Бөлім, егер "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес осыған үәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады., "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, "құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, бөлім ережесін, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды әзірлейді, аудан әкімдігінің келісуіне және бекітуіне ұсынады.

8. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" КММ құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 150500, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Явленка ауылы, А.Иманов көшесі, 78 А.

**Ескерту. 9-тармақ жана редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 09.03.2023 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Солтүстік Қазақстан Облысы Есіл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру аудандық бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

12. Бөлімде кәсіпкерлік субъектілерімен бөлімнің өкілеттіктеріне жататын міндеттерді орындау мақсатында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге ішкі саясат және мемлекеттік басқару саласындағы кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда, Қазақстан Республикасының қаржы саласындағы заңнамада өзгеше көзделмесе, алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тaraу. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері**

13. Тапсырмалар:

1) ауданда ішкі саяси тұрақтылықты, халықтың бірлігін және қоғамды топтастыруды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын Есіл ауданының атқарушы органдарының әлеуметтік-экономикалық, мәдени және қоғамдық-саяси салалардағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарын іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіру ;

3) "Солтүстік Қазақстан облысының Есіл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Президентінің,, облыс әкімінің, аудан әкімінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету;

4) Есіл ауданында Президенттің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларын, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды және басқа да стратегиялық құжаттарды түсіндіру мен насихаттауды қамтамасыз ету;

5) азаматтық қоғам институттарымен, аудан жүртшылығының өкілдерімен өзара әрекеттесу.

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

#### 14. Орган:

##### 1) құқылы:

1) өз функцияларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан, өзге де ұйымдардан ақпарат сұратуға, Бөлімнің құзыретіне жататын мәселелерді дайындауға қатысу үшін мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың қызметкерлерін тартуға, тиісті ұсыныстар өзірлеу үшін уақытша жұмыс топтарын құруға;

2) Есіл ауданының әкіміне ішкі саясат саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді, Бөлімнің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық, талдамалық және өзге де материалдар дайындауды;

3) тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға Бөлімнің қызметінің саласына қатысты тапсырмалар беруге, олардың орындалуын бақылауға, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдар өткізетін іс-шараларға қатысуға;

4) Бөлімнің құзыретіне жататын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына ұйымдастырушылық, әдістемелік, ақпараттық және өзге де көмек көрсетуге;

5) стратегиялық, операциялық жоспарларға, сондай-ақ Бөлімнің жұмыс жоспарларына сәйкес іс-шараларды жүзеге асыруға;

##### 2) міндеттері:

1) "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызмет саласына қатысты мәселелер бойынша тапсырмалар беруге, олардың орындалуын бақылауға, сондай-ақ облыстық және аудандық атқарушы органдар өткізетін іс-шараларға қатысуға;

2) "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша

лауазымды тұлғаларға және мемлекеттік органдарға консультативтік, әдістемелік, ақпараттық, ұйымдастырушылық-техникалық көмек көрсетуге.

## 15. Функциялар:

1) ішкі саясаттың негізгі бағыттары бойынша аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, оның ішінде білім беру, деңсаулық сақтау, тұрғындарды әлеуметтік қамсыздандыру және қорғау, жұмыспен қамту, этносаралық және конфессияаралық келісім, патриоттық тәрбие және жастар саясаты, мемлекеттік рәміздерді насиҳаттау саласында, тіл, ақпараттық, мәдени, гендерлік және отбасылық-демографиялық салаларда мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мәселелері бойынша қызметтерді ақпараттық-идеологиялық сүйемелдеу;

2) ішкі саяси тұрақтылықты, халықтың бірлігін және қоғамды топтастыруды қамтамасыз етуге бағытталған практикалық және өзге де шаралар кешенін жүзеге асыру;

3) өнірдегі ірі әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды ақпараттық қамтамасыз ету;

4) атқарушы органдардың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және өзге де салалардағы қызметі бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, осы бағыттағы жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

5) Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларын түсіндіру және насиҳаттау бойынша ауданда респубикалық, облыстық және аудандық маңызы бар ақпараттық-насиҳаттау топтарының (ант) қызметін ұйымдастыру;

6) саяси партиялармен, үкіметтік емес ұйымдармен, этномәдени және діни бірлестіктермен, құқық қорғау және өзге де қоғамдық ұйымдармен, кәсіподақтармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, ғылыми және шығармашылық қоғамдастықпен, қоғамдық пікір көшбасшыларымен өзара әрекетті жүзеге асыру;

7) "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі Кеңестің қызметін қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін зерделеу, насиҳаттау және біркелкі қолдану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

9) аудандағы қоғамдық-саяси жағдайды талдау және болжау, оның ішінде саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың қызметіне мониторингті ұйымдастыру, социологиялық зерттеулер жүргізу;

10) облыста мемлекеттік ақпараттық саясаттың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, оның ішінде мемлекеттік ақпараттық тапсырысты орындау бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін әдістемелік қамтамасыз ету және үлестіру, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін заңнаманы сақтау бойынша мониторинг, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу;

11) жоғары тұрған мемлекеттік органдармен, мәслихаттармен, облыс әкімінің аппаратымен, аудан әкімінің аппаратымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының

хатшылығымен "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау;

12) азаматтарды және мемлекеттік қызметшілерді сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы үгіт-насихатқа тарту арқылы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті жүзеге асыру.

### **3- тарау. Мемлекеттік органның, алқалы органдардың бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері (бар болса).**

16. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және өз өкілеттігінің жүзеге асырылуына дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Бөлім басшысын "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Есіл ауданының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

18. Бөлім басшысының орынбасарлары жоқ.

19. Бөлім басшысының өкілеттігі:

1) Аудан әкімдігінің бекітуіне Бөлім туралы ережені, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуі ұсынады;

2) Бөлімнің жұмысын ұйымдастыруды, оның қызметіне басшылық жасайды, Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапкершілікте болады;

3) Бөлім қызметкерлерінің міндеттерін айқындауды және жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

4) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Бөлім қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

5) Еңбек заңнамасына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметкерлерді көтермелей, оларға материалдық көмек көрсету мәселелерін шешеді, Бөлім қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады;

6) Өз құзыреті шегінде Бөлім қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулар шығарады;

7) Мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Бөлім атынан өкілдік етеді;

8) Еерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктеріне мемлекеттік кепілдік беру туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;

9) Департамент қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауына дербес жауапты болады;

10) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан

Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзге де өкілдіктерді жүзеге асырады.

20. Бөлім басшысы болмаған кезенде оның өкілдіктерін орындауды осыған сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

#### **4. Басқарманың мүлкі**

21. Бөлімнің мемлекеттік мүлік туралы заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін

22. Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және мемлекеттік мүлік туралы заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Бөлімге бекітілген мүлік ауданың коммуналдық меншігіне жатады.

24. Бөлім, егер мемлекеттік мүлік туралы заңнамада өзгеше көзделмесе, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Басқарманы қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлу, қайта құру) және тарату (тарату) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.